

Халқымыздың “Жаксы адам-казына” деген накыл сөзі бар. Сондай адамдардың бірі емес, бірегейі Акжан Жаксыбекұлы Әл-Машани өміріне көз жіберсек, ол кісінің өте бір бай өмір кешкенін байқаймыз.

Байлық деген, біреу үшін ақша, біреу үшін дүние-мүлік. Әрі беріден сон, біздің жер астындағы қазба байлықтармызды ысырап-сыз пайдалана берсек, қайтадан қалпына келмей-тінін, саркылатынын білеміз. “Сонда таусылмай-тын қазына не?” – дегенде, ол – адам бойына ана сүтімен бітетін дарын. Дарынды адамдар күнде-лікті өмірде, қарым-қатынаста, жұмыста, үйде, түзде жан-жағындағы адамдарға бойындағы қабілеттің шуағын шашып жүреді. Сондай, өмірінің ақырғы сағатына дейін біздерге білім мен ғылымның, өнер мен өлгінің нұрын шашқан, таусылмас қазына қалдырып кеткен академик, Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, профессор Акжан Жаксыбекұлы Әл-Машани еді.

Акжан Жаксыбекұлы 1906 жылдың 2 қарашасында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген. “Тұлпар аунаған жерде тұқ қалады” дегендей, Ақан аты-шулы Машан бидің немересі.

Машан Жамантай торғи кенесші биі, аузымен орақ орган шешен болған. Қазақ ұлттық техник-калық университетінің түлегі, тау-кен инженері, қазақтың жан-жақты жазушысы Ілияс Есенберлин өзінің “Қаһар” атты романында Машан бидің атақты Ағыбай батырдың досы, Құнанбай, Құдайберді тәрізді адамдармен үзгенгі-лес, туыстық та қарым-қатынаста болғанын, қаз дауысты Қазыбек бидің досы болғандығын жазған. Құнанбай қажы мен Машан би жылына бір рет Қоянды жәрменкесінде бас қосып отырған екен. Осындай бір кездесуде атасымен бірге жәрменкеге барған бала Акжан Шәкәріммен де кездескен. Ақанның әкесі Жаксыбек Құранға жүйрік, сол кездердегі “Ай-қап”, “Дала уалаяты” атты газеттерді жаздырып оқитын адам болған. Ақан алғаш өліппе тануды өз әкесінен, кейін кенес мектебінен үйренген. 1924 жылы Қарқаралыдағы Әлімхан Ермеков негізін қалаған педагогикалық техникумға түсіп, Әлекеннен, Аханнан (Ахмет Байтұрсынұлы) дәріс алған. Міне, осындай думанды шанырақта, ойшылдардың ортасында жүріп, тәлім-тәрбие алған Акжан Жаксыбекұлының гүлама галым болмауы мүмкін емес еді. Акжан ата бойындағы әділдігі, сабырлылығы, зеректігі, зерделілігі, ізденімпаздығы атадан балаға ұласқан сарқылмас қазынаның жалғасы деп білеміз.

Енбек жолын озі оқыган мек-тепте мугалім болып бастаган Ак-жан Жаксыбеквлы 1933 жылдын квзінде Семейдін геологиялык тех-никумындагы – дайындык кур-сын-да оқып, 1934 жылы Ал-матыда ашылган Казак тау-кен метал-лур-гия (қазіргі ҚазҰТУ) инс-титуты-нын алгашкы студент-терінін бірі болып қабылданады.

Институтта оқи жүре, ол Ал-ма-ты-дагы техникумдарда, курс-тарда сабақ берді. Казакстандагы марк-шей-дер мамандыгынын не-гізін қалаушы, профессор П.А.Ры-жов зерделі студентті 1939 жылы аспирантураға алып қалады.

Ол ғылыми енбегіне жер қой-науынын геометриясын озек етіп алды. Бұл екінін бірінін тісі бата бер-мейтін тын тақырып еді. Кер-тарт--па ғалымдар ғылыми жана-лық-қа күдікпен қарады. Алайда Ақанның диссертациясындагы кен орын-да-рын зерттеудін жана әдісі Казак-станның көптеген кен орын-дарында байқаудан отті. 1940 жылы геологиялык-барлау ғылы-ми экспедициясын басқарып жүрген аспирант Ақжан осы жана әдіс негізінде Ақбастау-Космұрын алтын кен орнын ашты. Сойтіп, кендердін жер қойнауында түзілу заңдылықтарын ашуда алғаш рет жер қойнауы геометриясынын әдіс-терін қолдануы геология мен тау-кен саласында ғылыми жаналық болды.

<

1946 жылы Ақжан Жаксы-бек-влы Мәскеу қаласында “Кендер құрылымын жер қойнауын гео-метрлеу әдістерімен зерттеу” та-қы--рыбына докторлық диссер-тация қорғады. Ғылыми жұмыс үш мамандықтың (геология, ме-ханика және тау-кен ісі) түйісінде жүзеге асқан болатын. Сойтіп, үш ғылым саласынын түйісуіне тау-кен ісінде жана ғылыми бағыт – “геоме-ха-ника” дүниеге келді.

А.Машанов жетекшілігімен жүр-гізілген геомеханика сала-сын-дагы ғылыми жұмыстардың орісі кенейіп, жас ғалымдар саны қо-бейе түсті. Геомеханикалык зерт-теу-лерді жүргізуде, Ақжан Жак-сы-бек-влы – ен алдымен, кен орны-нын табиғи геологиялык жағдайын және қатты денелер механикасы мен физикасынын негіздерін зер-делеу арқылы адам-заттын ин-же-нерлік қызметінін нәтижесінде пайда болған жасан-ды ортанын геологиялык, кернеу-лі жай-қүйін білуге және ашылған тау жыныс-тарынын әртүрлі те-рен-діктеріндегі физикалык-ме-ханикалык қасиет-терін анықтауға басты қоніл аудар-ды десек, ол КСРО-дагы геоме-ха-ника ғылы-мы-нын негізін

салу-шы-лардын бірі және Қазақстандағы геомеханика мектебінің іргетасын қалаушы.

А.Машановтың геология, гео-механика саласындағы ғылыми еңбектері, көп жылдардағы дала-лық, онді-рістік, ғылыми-зерттеу жұмыс-тарының нәтижелері бүгінде еліміздің жоғарғы оқу орындарының тау-кен мамандықтарына геомеханиканы жана ғылыми пән ретінде оқу үрдісіне енгізуге негіз болды. Ол тау-кен саласындағы ғалымдар ішінде алғашқысы болып “Геомеханика” пәнінің мақсаты мен мазмұнын тұжырымдады. А.Машанов көптеген ғылыми кітаптар жазды. Солардың ішіндегі “Механика массива горных пород”, “Введение в геомеханику”, “Основы геомеханики скально-трещиноватых горных пород”, “Гео-механика”, “Устойчивость бортов карьеров бассейна Каратау” сияқты монографиялық еңбектері осы саладағы іргелі зерттеулер қатарына жатады. Бір айта кететін жәйт, оның еңбектері “Маркшейдерлік іс” ілімінің отаны Германияда неміс тілінде жарық көрді. Бұл оның ғылыми мектебінің халықаралық деңгейде мойындалуы еді.

Қазақстанның алғашқы техник саласындағы интелегенттерінің алдында ғылым мен техниканың жалпы мәселелерімен қатар, ұлттық инженерлік-техникалық әдебиеттер жазу қажеттігі тұрды. Сол кездері А.Машанов тау-кен атауларының тұңғыш сөздігін, жоғары оқу орындарына арнап қазақ тілінде көптеген оқулықтар даярлады. Мәселен, “Кристаллография, минерология және петрография” атты кітабы соңғы ғасырдағы алғашқы және әзірге жалғыз оқулық болып есептеледі.

А.Машанов ғылыми-техникалық білімді көпшілікке кеңінен насихаттаушы. Оның қаламынан туган “Жанар тау”, “Жер сілкіну”, “Таулар қалай құрылды”, “Жер сыры”, “Ғажайып ошақ басында”, “Табу” сияқты кітаптары көпшіліктің ықыласына бөленді.

Ол ғылымның сыр сандығын біртіндеп ашып, інжу-маржанын, тал-гаммен терген жан. Ғалым “Кісіліктің олшемі – білімділік, сондықтан да барлық ғылымдар тарихын жақсы білу керек” деген қағиданы біздерге айтудан жалықпады және өзі де өмірінің соңғы сағатына дейін ғылымды сүйіп, ұлы ғалымдарды құрмет тұтып кетті.

Осы саладағы Ақжан Жәк-сыбекұлының баға жетпес, ерлікке пара-пар келетін, еңбегі – ұлы баба-мыз Әл-Фарабидің қазақ топырағында туып қана қоймай, қаны түркі екендігін дәлелдеудегі, оның еңбектерімен ұрпағын сусындату және насихаттаудағы теңдессіз қызметі. Ақан-ның арқасында Әл-Фараби сынды ұлы ғұламаның рухы, есімі өз Отаны қазақтың қара топырағына қайта оралды. Бұл жолда жер жүзі елдерінің

кітапхана-ларында шашырап жатқан Әл-Фараби еңбектерін жинап, 1969 жылы бабамыздың Дамаск қаласынан бейітін тапқан да Ақан еді. Ұлы бабамыз Әл-Фарабидің мәңгі мекені – Баб ас-Сагир зираты басындағы көңіл-күйін, ішкі сезімін біздерге жырдай кылып айтушы еді және оны өзінің “Әл-Фараби және Абай” атты кітабында жазып та кетті. “Кабір басында көз жасымды тыя алмадым, кабіріне бас иіп тұрып, бір шөкім топырағын орама-лым-ның шетіне тұйып алдым да, құранның өзім білетін сүрелерінің бірін ағытып қоя бердім” дейтін. Ақан-ның бабамыздың басында тұрып шығарған өлеңі де бар:

Түркістан, Шам арасын жақындатқан бабамыз

Басына келді ұрпағын, ақылды, дария данамыз.

Араб, парсы, түрікте Сізді білмес жан бар ма?

Басқалар да таниды тарихқа көзін салғанда.

Зират – айлап басынды

Елден іздеп келген ем.

Тәбәрік етіп бір уыс

Топырақ алдым мен сенен.

Мағауия мешіті,

Сан ғасыр бастан кешірген.

Қасында әлі тұр екен.

Дар ас-Салам ол мекен.

Торқалы мекен тоғысқан

Токсан тарау жол екен.

Сізге де мекен болыпты

Ел басын қосқан сол мекен.

(23 қыркүйек 1968 ж. Дамаск.

“Әл-Фараби және Абай” кітабынан, 40-бет)

Ақанның үйіндегі кітапхана-сын-да сирек кездесетін кітаптар көп еді. Солардың бірі – Иоган Кеп-лердің “Аспан музыкасы” деген кітабын оқып отыра, Ақжан Жак-сыбекұлы Кеп-лердің жазғандары-ның бір-сы-пы-расы Әл-Фарабиден алынғандығын анықтады. Осы мәселеге байланысты А.Машанов 1984 жылы Кувейтте шығатын “Әл-Фараби” журналына “Орта Азия-ның мәдениет шамшы-рақ-тары” атты мақала жариялап, онда өз пікірін дәлелдеді. Кейіннен осы мақала тәңірегінде жарық көрген пікірлерде белгілі ғалымдар “Әл-Машани мырза өз көзқарасын толық дәлелдеді” деп жазды. Міне, содан бері “Әл-Фарабиді ашқан Әл-Машани” деген сөз тіркесі жалға-сып кете берді. Әл-Машани деген атақ Ақанның өзіне де үнағандығы сон-шалық, “Ай арысы” және “Геоме-ха-ника” атты кітаптарында авторы Әл-Машани деп өз қолымен жазып кетті.

Жалпы, Әл-Машани 200-ден астам ғылыми мақалалар, 10 моно-графия, 5 оқулық және 8 ғылыми көпшілік кітаптар жазып, артына ошпес мұра қалдырған ғалым. Осы еңбектері арқылы ғалым-ның көмеңгерлік қырлары жарқырай көрініп, есімі елге мәшһүр болды.

Әл-Машани қаламынан ұлы бабамызға арналған “Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы”, “Шығыстың Аристотелі”, “Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы”, “Әл-Фараби”, “Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалым-дары”, “Әл-Фараби және Абай” сияқты көптеген кітап-тары жарық көрді.

Әл-Фараби мұраларына ар-нап осындай еңбек жазып жүр-ген және 1978 жылы Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына ар-нал-ған халықаралық конферен-ция от-кізуге көшбасшы бол-ған Ақан әлем оқы-мы-сты-ларын өзіне тәңті етті. Жет-пісінші-сексенінші жылдары Әл-Машани қалқан дабылдан кейін Түркістандағы Ахмет Ясауи кесе-несінде, Отырар, Арыстанбаб тарихи қорымына мемлекет тара-пынан көніл аударыла бастады. 1985 жылы ғалымның өзі Түр-кіс-танға барып, Отырар мұражайы-ның ашылуына атсалысты. Ол Қазақстан Рес-публикасы мен шет елдердегі Әл-Фараби мұра-сын зерттеуші-лердің алғашқы ғылыми көнесшісі болды.

Абай атамыздың 150 жылдық тойы тұсында жазылған “Әл-Фараби және Абай” атты кітабы өзінің мән-мағынасымен, ой-шыл-дық, талдау болжамдарымен аса күнды, халқымыздың мың жыл-дық мәдени тарихының үндестігін зерделеген еңбек. Ақжан Жак-сыбекұлы Абай дү-ниетанымын, ғылымның бастауы орта ғасыр-лық, араб, шығыс елдерінде жат-қандығын, оның көш бастау-шы-сы ұлы бабамыз Әл-Фараби бол-ғандығын, сойтіп екі дананың арасын жалғастырап ғылымның данғыл жолын баяндаған, сонау мың жылдан астам уақыт өткен Әл-Фарабиден кейін, оған ой өрісі жақын. Парасаты көн, ойшыл Абай екенін дәлелдеген.

2001 жылдың 12 қазанында Оңтүстік Қазақстан облысының сол кездегі әкімі Б.Сапарбаевтың қолдауымен халықаралық дән-гейде Әл-Фарабидің 1130 жыл-ды-ғы аталып өтті. Әкім бекіткен арнайы сыйлық және Әбу Насыр Әл-Фараби атындағы сыйлықтың №1 күәлігі артына мөл мұрас, ошпес іс қалдырған Әл-Машаниға берілді.

Әл-Машанидің ғылымға қос-қан зор үлесін және ғылыми пе-да-гогикалық қызметін жүрт-шы-лық пен Үкімет жоғары бағала-ды. Ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, көптеген медаль-дар және Қазақ КСР Жоғары Кө-несінің Күрмет грамоталары-мен

марапатталды. К.Сәтбаев атын-дагы ҚазҰТУ жанындагы жара-ты-лыстану гуманитарлық инсти-тутына Ақжан Әл-Машани есімі берілген.

Әл-Машани барлық ғылым-дардын басын біріктіруші – ислам дініне, мұсылманшы-лыққа, ислам философиясына ден қой-ған ойшыл ғалым. Ол ғылым мен ислам діні байланы-сынын сырын ашқан, “екеуін бірінен-бірін айыруға болмай-тынын” дәлелдеп кеткен.

“Алдаспан” тәуелсіз журна-лы-нын бас редакторы Қазтай Әбіш тоқсан бір жастагы Әл-Машаниден (қайтыс боларынан бір ай бұрын) сұхбат алған бола-тын. Сонда журналист сонының-дан ерген інілеріңізге, шәкірт бала-ларыңызға өсиет етер аман-атыңыз қандай – деп сауал қой-ған-да, Ақан былай деген бола-тын: “Кі-сі-ліктің олшемі – білім-ділік. Қа-зақ жастары тек білімге үмты-лу-ла-ры керек. Тәуелсіз мемлекеті-міз-дің тұтқасын ұстау үшін де бі-лімді болуы керек. Ал бар ғылым-ның тоғысар арнасы, зәулім шырқау шыны – қасиетті Құран кітабын оқуды аманат етемін. Ислам діні – ең таза, ғылымға негізделген. Исламның бір үлкен па-рызы – ғылым. Ата-баба-ла-ры-мыз қастерлеген сол дінді қадір-леп, имандылыққа бет бұрған ұрпақтарымыздың ертеңгі өмірі арайлы болатынына сенемін”.

Бұл айтылғандардың барлығы Ақанның “Исламның ғылыми негіздері” атты қолжазбасында баяндалған.

Міне, осындай артында ошпес мирас қалдырған ойшыл – ғалым Әл-Машаниден алар тағылым мол.

Авторы: М.НҮРПЕЙІСОВА, техника ғылымдарының докторы, профессор. Б.ТОЛЕУОВ, техника ғылымдарының кандидаты, доцент.

"Егемен Қазақстан"

Халқымыздың “Жақсы адам-қазына” деген накыл сөзі бар. Сон-дай адамдардың бірі емес, бірегейі Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани өміріне қоз жіберсек, ол кісінің өте бір бай өмір кешкенін байқаймыз.

Байлық деген, біреу үшін ақша, біреу үшін дүние-мүлік. Әрі беріден сон, біздің жер астындағы қазба байлықтарымызды ысырап-сыз пайдалана берсек, қайтадан қал-пына келмей-тінін, сарқылата-нын білеміз. “Сонда таусыл-май-тын қа-зына не?” – дегенде, ол – адам бойына ана сүтімен бітетін дарын. Дарынды адамдар күнде-лікті өмір-де, қарым-қатынаста, жұ-мыста, үйде, түзде жан- жа-ғын-дагы адам-дарға бойындағы қабілеттің шуа-ғын шашып жүреді. Сондай, өмірінің ақырғы сағаты-на дейін біз-дерге білім мен ғы-лым-ның, онеге мен үлгінің нұрын шашқан, таусылмас қазына қал-дырып

кеткен академик, Казак-стан ғылы-мына енбек сiнiрген кайраткер, профессор Акжан Жаксыбекұлы Өл-Машани едi.

Акжан Жаксыбекұлы 1906 жыл-дын 2 карашасында Кара-ган-ды облысы, Каркаралы ауданында дү-ниеге келген. “Тұл-пар аунаган жер-де тұл калады” де-гендей, Акан аты-шулы Машан бидiн немересi.

Машан Жамантай торенiн кенесшi биi, аузымен орақ орган шешен болган. Казак ұлттық тех-ни-калық университетiнiн тұлегi, тау-кен инженерi, казактын зан-гар жазушысы Илияс Есенберлин озiнiн “Каһар” атты рома-ныңда Ма-шан бидiн атакты Ағыбай ба-тыр-дын досы, Құнанбай, Құдай-бердi тәрiздi адамдар-мен үзенгi-лес, туыстық та қарым-катынаста болғанын, қаз дауысты Қазыбек бидiн досы болғандығын жазган. Құнанбай қажы мен Машан би жылына бiр рет Қоянды жәрмен-кесiнде бас қосып отырған екен. Осындай бiр кездесуде атасымен бiрге жәрменкеге барган бала Акжан Шәкәрiммен де кездескен. Аканның әкесi Жаксыбек Құран-ға жүйрiк, сол кездердегi “Ай-қап”, “Дала уалаяты” атты газет-тердi жаз-дырып окитын адам бол-ган. Акан алғаш әлiппе тануды оз әке-сiнен, кейiн кенес мектебiнен үй-ренген. 1924 жылы Каркара-лыдагы Өлiмхан Ермеков негiзiн қалаган педагогикалық техникум-ға түсiп, Өлекеннен, Аханнан (Ахмет Бай-тұр-сынов) дәрiс алган. Мiне, осын-дай думанды шаны-рақ-та, ойшылдардын ортасында жүрiп, тәлiм-тәрбие алган Акжан Жак-сы-бекұлының гүлама галым болмауы мүмкiн емес едi. Акжан ата бой-ын-дагы әдiлдiгi, сабырлы-лығы, зеректiгi, зерделiлiгi, iзденiм-паз-дығы атадан балаға ұласқан сар-қылмас қазынанын жалғасы деп бiлемiз.

Енбек жолын озi окыган мек-тепте мүгалiм болып бастаган Ак-жан Жаксыбекұлы 1933 жылдын күзiнде Семейдiн геологиялық тех-никумындагы – дайындық кур-сын-да окып, 1934 жылы Ал-матыда ашылган Казак тау-кен метал-лур-гия (қазiргi КазҰТУ) инс-титуты-нын алғашқы студент-терiнiн бiрi болып қабылданады.

Институтта оқи жүре, ол Ал-ма-ты-дагы техникумдарда, курс-тарда сабақ бердi. Казакстандагы марк-шей-дер мамандығынын не-гiзiн қалаушы, профессор П.А.Ры-жов зерделi студенттi 1939 жылы аспирантураға алып қалады.

Ол ғылыми енбегiне жер қой-науынын геометриясын озек етiп алды. Бұл екiнiн бiрiнiн тiсi бата бер-мейтiн тын тақырып едi. Кер-тарт--па галымдар ғылыми жана-лық-қа күдiкпен қарады. Алайда Аканның диссертациясындагы кен орын-да-рын зерттеудiн жана әдiсi Казак-станнын көптеген кен орын-дарында байқаудан оттi. 1940 жылы геологиялық-барлау ғылы-ми экспедициясын басқарып жүрген аспирант Акжан осы жана әдiс негiзiнде Акбастау-Космұрын алтын кен орнын ашты. Сойтiп, кендердiн жер қойнауында түзiлу заңдылықтарын ашуда алғаш рет жер қойнауы геометриясынын әдiс-терiн қолдануы геология мен тау-кен саласында ғылыми жаналық болды.

1946 жылы Ақжан Жаксы-бек-ұлы Мәскеу қаласында “Кендер құрылымын жер қойнауын гео-метрлеу әдістерімен зерттеу” тақырыбына докторлық диссертация қорғады. Ғылыми жұмыс үш мамандықтың (геология, механика және тау-кен ісі) түйісінде жүзеге асқан болатын. Сөйтіп, үш ғылым саласының түйісуіне тау-кен ісінде жана ғылыми бағыт – “геомеханика” дүниеге келді.

А.Машанов жетекшілігімен жүргізілген геомеханика саласындағы ғылыми жұмыстардың орисі кенейіп, жас ғалымдар саны көбейе түсті. Геомеханикалық зерттеулерді жүргізуде, Ақжан Жаксы-бек-ұлы – ең алдымен, кен орнының табиғи геологиялық жағдайын және катты денелер механикасы мен физикасының негіздерін зерделеу арқылы адамзаттың индженерлік қызметінің нәтижесінде пайда болған жасанды ортаның геологиялық, кернеулі жайкүйін білуге және ашылған тау жыныстарының әртүрлі тереңдіктеріндегі физикалық-механикалық қасиеттерін анықтауға басты көңіл аударды десек, ол КСРО-дағы геомеханика ғылымының негізін салушылардың бірі және Қазақстандағы геомеханика мектебінің іргетасын қалаушы.

А.Машановтың геология, гео-механика саласындағы ғылыми еңбектері, көп жылдардағы далалық, ондірістік, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бүгінде еліміздің жоғарғы оқу орындарының тау-кен мамандықтарына геомеханиканы жана ғылыми пән ретінде оқу үрдісіне енгізуге негіз болды. Ол тау-кен саласындағы ғалымдар ішінде алғашқысы болып “Геомеханика” пәнінің максаты мен мазмұнын тұжырымдады. А.Машанов көптеген ғылыми кітаптар жазды. Солардың ішіндегі “Механика массива горных пород”, “Введение в геомеханику”, “Основы геомеханики скально-трещиноватых горных пород”, “Гео-механика”, “Устойчивость бортов карьеров бассейна Каратау” сияқты монографиялық еңбектері осы саладағы іргелі зерттеулер қатарына жатады. Бір айта кететін жәйт, оның еңбектері “Маркшейдерлік іс” ілімінің отаны Германияда неміс тілінде жарық көрді. Бұл оның ғылыми мектебінің халықаралық денгейде мойындалуы еді.

Қазақстанның алғашқы механика саласындағы индженер-терінің алдында ғылым мен техниканың жалпы мәселелерімен қатар, ұлттық индженерлік-техникалық әдебиеттер жазу қажеттігін түрды. Сол кездері А.Машанов тау-кен атауларының тұңғыш сөздігін, жоғары оқу орындарына арнап қазақ тілінде көптеген оқулықтар даярлады. Мәселен, “Кристаллография, минерология және петрография” атты кітабы соңғы ғасырдағы алғашқы және әзірге жалғыз оқулық болып есептеледі.

А.Машанов ғылыми-техникалық білімді көпшілікке кенінен насихаттаушы. Оның қаламынан туган “Жанар тау”, “Жер сілкіну”, “Таулар қалай құрылды”, “Жер сыры”, “Ғажайып ошақ басында”, “Табу” сияқты кітаптары көпшіліктің ықыласына бөленді.

Ол ғылымның сыр сандығын біртіндеп ашып, інжу-маржанын, тал-гаммен терген жан. Ғалым “Кісіліктің олшемі – білімділік, сондықтан да барлық ғылымдар тарихын жақсы білу керек” деген қағиданы біздерге айтудан жалықпады және озі де өмірінің соңғы сағатына дейін ғылымды сүйіп, ұлы ғалымдарды құрмет тұтып кетті.

Осы саладағы Ақжан Жаксы-бек-ұлының баға жетпес, ерлікке пара-пар келетін, еңбегі

– Ұлы баба-мыз Әл-Фарабидің қазақ топыра-ғында туып қана қоймай, қаны түркі екен-дігін дәлелдеудегі, оның еңбек-тері-мен ұрпағын сусындату және на-си-хат-таудағы теңдессіз қызметі. Ақан-ның арқасында Әл-Фараби сынды Ұлы гүламаньн рухы, есімі оз Отаны қазақтың қара топырағына қайта оралды. Бұл жолда жер жүзі ел-дері-нің кітапхана-ларында шашырап жат-қан Әл-Фараби еңбектерін жинап, 1969 жылы бабамыздың Дамаск қаласы-нан бейітін тапқан да Ақан еді. Ұлы бабамыз Әл-Фарабидің мәңгі мекені – Баб ас-Сагир зираты басындағы қоніл-қүйін, ішкі сезімін біздерге жырдай қылып айтушы еді және оны озінің “Әл-Фараби және Абай” атты кітабында жазып та кетті. “Қабір басында қоз жасымды тыя алмадым, қабіріне бас иіп тұ-рып, бір шокім топырағын орама-лым-ның шетіне тұйіп алдым да, құранның озім білетін сүрелерінің бірін ағытып қоя бердім” дейтін. Ақан-ның бабамыздың басында тұ-рып шығарған олені де бар:

Түркістан, Шам арасын жақындатқан бабамыз

Басына келді ұрпағын, ақылды, дария данамыз.

Араб, парсы, түрікте Сізді білмес жан бар ма?

Басқалар да таниды тарихқа қозін салғанда.

Зират – айлап басынды

Елден іздеп келген ем.

Тәбәрік етіп бір уыс

Топырақ алдым мен сенен.

Мағауия мешіті,

Сан ғасыр бастан кешірген.

Қасында әлі тұр екен.

Дар ас-Салам ол мекен.

Торқалы мекен тоғысқан

Токсан тарау жол екен.

Сізге де мекен болыпты

Ел басын қосқан сол мекен.

(23 кыркүйек 1968 ж. Дамаск.

“Әл-Фараби және Абай” кітабынан, 40-бет)

Ақанның үйіндегі кітапхана-сын-да сирек кездесетін кітаптар көп еді. Солардың бірі – Иоган Кеп-лердің “Аспан музыкасы” деген кітабын оқып отыра, Ақжан Жак-сыбекұлы Кеп-лердің жазғандары-ның бір-сы-пы-расы Әл-Фарабиден алынғандығын анықтады. Осы мәселеге байланыс-ты А.Машанов 1984 жылы Кувейтте шығатын “Әл-Фараби” журналына “Орта Азия-ның мәдениет шамшы-рақ-тары” атты мақала жариялап, онда өз пікірін дәлелдеді. Кейіннен осы мақала тәңірегінде жарық көрген пікірлерде белгілі ғалымдар “Әл-Машани мырза өз қозғарасын толық дәлелдеді” деп жазды. Міне, содан бері “Әл-Фарабиді ашқан Әл-Ма-шани” деген сөз тіркесі жалға-сып кете берді. Әл-Машани деген атақ Ақанның өзіне де үнағандығы сон-шалық, “Ай арысы” және “Геоме-ха-ника” атты кітаптарында авторы Әл-Машани деп өз қолымен жазып кетті.

Жалпы, Әл-Машани 200-ден астам ғылыми мақалалар, 10 мо-но-графия, 5 оқулық және 8 ғы-лыми көпшілік кітаптар жазып, артына ошпес мұра қалдырған ғалым. Осы еңбектері арқылы ғалым-ның көмеңгерлік қырлары жарқырай көрініп, есімі елге мәшһүр болды.

Әл-Машани қаламынан ұлы бабамызға арналған “Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы”, “Шы-ғыстың Аристотелі”, “Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы”, “Әл-Фараби”, “Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ға-лым-дары”, “Әл-Фараби және Абай” сияқты көптеген кітап-тары жарық көрді.

Әл-Фараби мұраларына ар-нап осындай еңбек жазып жүр-ген және 1978 жылы Әл-Фара-бидің 1100 жылдық мерейтойына ар-нал-ған халықаралық конфе-рен-ция от-кізуге қозғасшы бол-ған Ақан әлем оқы-мы-сты-ларын өзіне тәңті етті. Жет-пісінші-сексенінші жылдары Әл-Машани қалқан дабылдан кейін Түркістандағы Ахмет Ясауи кесе-несінде, Отырар, Арыстанбаб тарихи қорымына мемлекет тара-пынан көніл аударыла бастады. 1985 жылы ғалымның өзі Түр-кіс-танға барып, Отырар мұражайы-ның ашылуына атсалысты. Ол Қазақстан Рес-публикасы мен шет елдердегі Әл-Фараби мұра-сын зерттеуші-лердің алғашқы ғылыми көнесшісі болды.

Абай атамыздың 150 жылдық тойы тұсында жазылған “Әл-Фараби және Абай” атты кітабы өзінің мән-мағынасымен, ой-шыл--дық, талдау болжамдарымен аса күнды, халқымыздың мың жыл-дық мәдени тарихының үндестігін зерделеген еңбек. Ақжан Жак-сыбекұлы Абай дү-ниетанымын, ғылымның бастауы орта ғасыр-лық, араб, шығыс елдерінде жат-қандығын, оның қозғ бастау-шы-сы ұлы бабамыз Әл-Фараби бол-ғандығын, сойтіп екі дананың арасын жалғастырап ғылымның данғыл жолын баяндаған, сонау мың жылдан астам уақыт өткен Әл-Фарабиден кейін, оған ой өрісі жақын. Парасаты көн, ойшыл Абай екенін дәлелдеген.

2001 жылдың 12 қазанында Оңтүстік Қазақстан облысының сол кездегі әкімі Б.Сапарбаевтың қолдауымен халықаралық ден-гейде Әл-Фарабидің 1130 жыл-ды-ғы аталып өтті. Әкім бекіткен арнайы сыйлық және Әбу Насыр Әл-Фараби атындағы сыйлықтың №1 қуәлігі артына мол мирас, ошпес іс қалдырған Әл-Ма-шаниға берілді.

Әл-Машанидің ғылымға қосқан зор үлесін және ғылыми педагогикалық қызметін жұртшылықпен Үкімет жоғары бағалады. Ол Ленин, Енбек Қызыл Ту ордендерімен, көптеген медальдар және Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ жанындағы жаратылыстану гуманитарлық институтына Ақжан Әл-Машани есімі берілген.

Әл-Машани барлық ғылымдардың басын біріктіруші – ислам дініне, мұсылманшылыққа, ислам философиясына ден қойған ойшыл ғалым. Ол ғылым мен ислам діні байланысының сырын ашқан, “екеуін бірінен-бірі айыруға болмай-тынын” дәлелдеп кеткен.

“Алдаспан” тәуелсіз журналының бас редакторы Қазтай Әбіш тоқсан бір жастағы Әл-Машаниден (қайтыс боларынан бір ай бұрын) сұхбат алған болатын. Сонда журналист соныныңдан ерген інілеріңізге, шәкірт балаларыңызға өсиет етер аманатыңыз қандай – деп сауал қойғанда, Ақан былай деген болатын: “Кісіліктің олшемі – білімділік. Қазақ жастары тек білімге ұмтылулары керек. Тәуелсіз мемлекетіміздің тұтқасын ұстау үшін де білімді болуы керек. Ал бар ғылымның тоғысар арнасы, зәулім шырақ шыны – қасиетті Құран кітабын оқуды аманат етемін. Ислам діні – ең таза, ғылымға негізделген. Исламның бір үлкен парызы – ғылым. Ата-бабаларымыз қастерлеген сол дінді қадірлеп, имандылыққа бет бұрған ұрпақтарымыңның ертеңгі өмірі арайлы болатынына сенемін”.

Бұл айтылғандардың барлығы Ақанның “Исламның ғылыми негіздері” атты қолжазбасында баяндалған.

Міне, осындай артында ошпес мирас қалдырған ойшыл – ғалым Әл-Машаниден алар тағылым мол.

Авторы: М.НҮРПЕЙІСОВА, техника ғылымдарының докторы, профессор. Б.ТОЛЕУОВ, техника ғылымдарының кандидаты, доцент.

"Егемен Қазақстан"